**ҚазҰАЗУ- Биологиялық кауіпсіздік кафедрасының 2023-2024 оқу жылы жасаған кәсіби бағыт-бағдар туралы қысқаша есеп**

ҚазҰАЗУ «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры б.ғ.к. Туребеков О.Т. кәсіби бағыт-бағдар жұмысын жүргізу үшін Атырау қаласында іс-сапармен акпан айының 20.02. 24 ж- 24.02.204 ж аралығында болып қайтты. Іс-сапар кезінде У. Кушеков атындағы Атырау агротехникалық коледжінде болып , колледждің ветеринария бөлімі менгерушісімен Даиырбек Ұзақбаев пен кездесіп, биылғы бір топ түлектермен жұмыс жасады, кездесу барысында ҚазҰАЗУ туралы акпарат беріліп, буклеттер таратылды, оқуға ниет білдірген балалардың телефондары алынды, сонымен қатар өңірлік Қызылқоға газетіне «Маман неге тапшы» атты мақала баспадан шығарылды.




АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
АТЫРАУ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ
ӘКІМШІЛІГІ



Сонымен қатар  Ұлытау облысы- Жанарқа аудандық газетіне, Қарағанды облысы , Шет ауданы «Шет шұғыласы» газетіне  кәсіби бағдар туралы мақала берілді.

“Адамзаттың рухына керектің үлкені - газет, журнал, кітап оқу”
С. Сейфуллин

# ЖАҢААРҚА



Аудандық қоғамдық-саяси газет

эл. пошта: janaarkagazeti@mail.ru Газет 1938 жылғы 24 сәуірден шығады

№7 (10166), 24 ақпан, 2024 жыл

## Еріктілер жасағы құрылмақ



Ұлытау облысы Жезқазған қаласы аймағында өткен бірыңғай жастарды, әсіресе ерікті жастарды табиғи апаттардың салдарынан болатын немесе тағы да басқа жайттардың алдын алу үшін ерікті жастар жасағы құрылмақ.

Ақпан айының 22 күні Жезқазған қаласына жиналған жас еріктілер үлкен аумақтық облыстық форумның куәгерлері болып қайтты.

Атап айтсақ, Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалалары, Жаңаарқа, Жәйрем аудандарынан жасақталған еріктілер Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар департаментіне жиналып бас қосты. Форум барысында меморандумға қол қойылды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында өткізілген ашық сабақтарды үлкен қауіп-қатердің арасында жүрген мамандар жүргізіп, өз тәжірбиелерімен бөлісті. Жалпы форум аясында өткізілген 6 ашық сабақта еріктілермен тікелей байланыс орнатылып, төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары көрсетілді. Тек бір типті жағдайлар ғана емес, өрттің алдын алу, алғашқы көмек, сел және де жолда қалған азаматтарды құтқару жұмыстары көрсетілді. Практикалық және теориялық тұрғыда түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, форумның нақты мақсаты айқындалды.

Ауданымыздан еріктілер тобының көшбасшысы болып Қуаныш Төлеутай сайланды. Махаббат Асқарова, Ұлжан Құрман, Назым Қайратқызы, Гүлжазира Балғабайқызы, Қару Біләл, Жанерке Еркінқызы форумға қатысты.

Форум соңында әр қатысушыға бір жыл бойы күшін жоймайтын “құтқарушы волонтер” атағы берілді.

Алдағы уақытта әр қала, аудан, ауыл арасында жігерлі жастардың басын қосып, ұйым ашу жоспарлануда. Төтенше жағдайлар орын алған кезде құтқарушы топпен бірге ерікті жастар жұмылдырылатын болады. Негізі мақсат - еріктілермен біріге жұмыс жасау.

Осындай біліктілікті арттыратын форумдар облысымызда жалғасын таппақ. Форум 2024 жылы шымылдығын ашып, әлі талай ерікті құтқарушыларды қатарға қабылдамақ.

**Өз тілшімізден**

## Алғыс айту күні



Алғыс айту күнін мерекелеудің жаңа дәстүрі «Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ

## Екі бірдей денсаулық сақтау нысаны ашылды



Ауданымыздың денсаулық сақтау саласында қуанышты үлкен жаңалық болды. Бидайық және Байдалы би ауылдық округінде фельдшерлік-акушерлік пункт ашылып, жұмыстарын бастады. Ашылу салтанатына Ұлытау облысы әкімі аппаратының басшысы Абзал Жайлыбаев, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Еркебұлан Бейсенов, аудан әкімінің орынбасары Әсет Аманжолов, аудандық орталық аурухана басшысының міндетін атқарушы Оразкүл Ақыбаева және ауыл тұрғындары қатысты. Байдалы би ауылының сыйлы ақсақалдары Мағауия Әбілжанов пен Қалкен Әубәкіров жылы лебіздерін білдірді.



Ауыл тұрғындары мемлекеттік тапсырысты уақытында аяқтаған мердігер компания «Алау» ЖШС басшысы Ғалымжан Найзабековке және ұжымына алғыстарын айтуда. Аталған нысанның құрылыс жұмыстары басталғалы бері ауылдың бірқатар азаматтары да еңбек сіңірді.

Жалпы құны 128 млн. теңгеге салынған бұл нысанда күндізгі стационар, акушерлік бөлме, қан тапсыратын бөлме, медициналық автокөлікке арналған гараж бар. Арнайы құрал-жабдық, аппараттармен толық қамтамасыз етілген.



Бидайық ауылдық округінде де жұмысын бастаған фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратында дәл осындай мүмкіндіктер қарастырылған. 12 бөлмеден тұратын денсаулық сақтау нысанын салуды мойнына алған мердігер «Балқаш Жібек жолы» ЖШС шамамен 134 млн. қаражатты жоспарлы

Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 15 aqpan 2024 jyl №07 (11100)



Президент тапсырмасын орындай отырып

## АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР ЕСЕБІ

**Аудан әкімі М.Мұхтаров ауданымыздың ауыл, кент округтерімен кездесуі басталды.**

**Аудан әкімінің 13 ақпан күні Ақшоқы, Талды және Нұраталды ауылдық округтерінде басталған кездесулері, 14-15 ақпан күндері Көктіңкөлі, Батық, Бұрма, Ақой, Красная поляна ауылдық округтері және Дәрия кентінде жалғасты.**

Ауыл халқымен болған кездесулерге аудан прокуроры Е.Жаппар және ауданның мекеме, бөлім басшылары қатысуда.

Жалпы ауыл тұрғындары тарапынан көтерілген мәселелердің дені жер алу, жұмысқа тұру, қайтарымсыз мемлекеттен берілетін грантқа қол жеткізу, тұрғын үй мәселесі, қаңғыбас иттерді аулау және тағы басқа да мәселелерді көтерді.

Аудан әкімі тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер мен ұсыныс-пікірлерге жауап беріп, өзінің жеке бақылауында болатынын атап өтті.

Ауыл тұрғындарымен болған кездесулерде аудан прокуроры Е.Жаппар бүгінде алаяқтық қылмыстың өршіп тұрғанын, әсіресе интернеттегі, әлеуметтік желідегі алаяқтыққа ұрынып қалмау, жергілікті жерлерде қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайтуға байланысты мәселелерді көтеріп, түсіндіріп өтті.



Соңында аудан әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Аудан әкімінің ауыл, кент округтері тұрғындарымен кездесулері жалғасуда.

**Өз тілшімізден.**

Аудан әкімінің Ақжал кентіне іс сапары

## ӨНДІРІС - ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

**Тау-кен өнеркәсібі қандай да болмасын аймақтың индустриялық әлеуеті мен қуатын анықтайтын сала болса, біздің аудан экономикасында аса зор маңызға ие.**

**Ауданымыздың жер қойнауы түсті және сирек кездесетін металдарға бай. Бүгінде бізде осы қазба байлықтарын игерумен «NOVA-Цинк», «Бапы-Майнинг», «Метал Терминал Сервис», «Крамдс-Кварцит» және Алмалы кен орнындағы "Sary-Arka Resources Capital" ЖШС-і сияқты ірі кәсіпорындар шұғылданып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін жақсартуға ықпал етуде.**



Жуырда аудан әкімі М.Мұхтаров, аудан прокуроры Е.Жаппар, мәслихат төрағасы С.Социал және ауданның сала бөлім басшылары Ақжал кентінде болып, "Nova Цинк" кәсіпорны ұжымымен кездесті. Кездесуде аудан әкімі кәсіпорын басшысы болып жаңа тағайындалған Жангелдинов Айдар Болатұлын қызметімен құттықтап, еңбегіне табыс тіледі.

Кездесу барысында кәсіпорын тарапынан жұмыскерлерге жасалып отырған әлеуметтік қолдау мен еңбек жағдайларымен танысып, алдағы уақытта аудан әкімдігі мен кәсіпорынмен екеуара ынтамақтастық аясында атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары белгіленді.

Жалпы кен орнындағы жұмыскерлердің жұмыс жасауына тиісті жағдайлар жасалған. Жұмысшылардың алаңсыз қалыпты еңбек етуімен қатар, тұрмыс жағдайларын одан әрі жақсарту, кен орнының материалдық-техникалық базасын кеңейту мәселелері алдағы уақытта да жалғасын таба бермекші. Кәсіпорын басшысы биылғы жылы әкімдік пен кәсіпорын арасындағы өзара келісім аясында кәсіпорын қаржысына елді мекенді абаттандыру, кенттегі әлеуметтік маңызы бар нысандарды жаңғырту, басқа да игі істерді қолға алу жоспарда бар екенін атап өтті.

Кездесуде кентке жоғары білімді дәрігер маманының қажеттілігі туралы сауалға аудан әкімі бұл мәселе аудандық орталық аурухана мекемесі арқылы жақын аралықта оң шешімін тауып, тұрақты бір дәрігер маман келетінін және ол маман тұрғын үймен қамтылатынын, кездесуге қатысушылар тарапынан басқа да қойылған сауалдарға жауаптар берілді.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

Жағымды жаңалық

## ЖАҢА ЕМХАНАЛАР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

**Құрылысы өткен жылдардың соңына қарай бастау алған фельдшерлік-акушерлік пункттер халық игілігі үшін пайдалануға берілуде.**

**Бұдан бұрын жазғанымыздай Төменгі Қайрақты, Жұмыскер, Бұрма, Көктіңкөлі ауылдарында тұрғындар үшін осындай медпункттер есігін айқара ашқан болатын.**

**"Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту" ұлттық жобасы аясында ауданымыздың жеті елді мекенінде ФАП құрылысы басталған болатын.**

Осы аптада ауданымыздың тағы үш елді мекенінде осы типтес ФАП-тардың ашылу салтанатының куәсі болдық.

Ақшатау кенті, Киікті, Босаға ауылдарында әлеуметтік маңызы бар нысанның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкин, аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев, аудандық аурухана директоры А.Аманжоловтар сөз сөйлеп, салтанатқа жиналған ауыл жұртшылығына құтты болсын айтты.

Ашылу салтанатында ақ жаулықты әжелер шашу шашып, жақсыны көрмекке ұмтылған көпшілік көркем де көз тартарлық әсем ғимарат ішін





аралап көрді. Дәрігерлер мен ем алуға келгендер үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Кабинеттер қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтылған.

Биыл ауданымыздың 14 елді мекеніне осындай медпункттердің құрылысын салу жоспарлануда. Бұл ауыл халқының сапалы және уақытылы медициналық қызмет алуына үлкен септігін тигізетіні сөзсіз.

**Өз тілшімізден.**



Мәселе

# РЕСПУБЛИКАДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАМАНДАРЫНЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫ НЕДЕ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Елімізде ауылшаруашылық саласы бойынша жоғарғы оқу орнын бітірген мамандардың 30 пайызы басқа кәсіпке кетіп қалауының басты себептерінің бірі - жалақының төмендігі, сонымен өкімет есебінен грантта оқыған студенттерді тікелей АШМ арқылы жолдама беріп, маман жетіспейтін өңірлерге бағыт - бағдар беріп жіберілмеуінде, бұл жұмыс ауылшаруашылық министрлігі құзырында болуы тиіс, сонымен қатар аудан, облыс бюджеті есебінен оқитын студенттер санын көбейткен дұрыс, өйткені аталған балалар оқуын тәмәмдағаннан соң сол өңірлерде жұмыс істеуге мүдделі болады. Осы жұмысты аудан және облыс білім басқармалары ескерсе жоғары оқу орындарының түлектері жұмысқа орналасуы бір қалыпқа түсер еді. Соңғы жылдары ҚР бойынша ауылшаруашылық мамандары тапшы болуының тағы да бір себептері ветеринария саласының мамандарына тиісті жеңілдіктердің болмауы, қайта- қайта құру, біресе лицензиямен, біресе ветстанция құрамында, біресе әкімшілікте жұмыс істеуінде, осының бәрі тұрақсыздыққа әкеліп, мамандар шашырап кетеді, бұл жұмысты АШМ назарына ұстауын өтінеміз. Осыған қарамастан ауылшаруашылық мамандарына ҚР бюджет есебіне мыңдаған гранттар берілуде, оны игеру сізбен біздің міндеттеріміз, өйткені Қазақ Елі - аграрлық Ел.

Қазақстан аграрлы ел болғандықтан ауыл шаруашылығына маманданған жоғары оқу орындарының бұл бағыттағы рөлі күн өткен сайын артып отырғандығын уақыттың өзі көрсетуде. Сондықтан да ауылды көркейтуде, ауыл шаруашылығын өркендетуде білікті мамандар мен тәжірибелі ғалымдар-ға деген сұраныстың заман талаптарына сай жоғарылап келе жатқандығы бүгінгі кезеңде анық байқалуда. Осы орайда отандық ауыл шаруашылығы білім мен ғылымының көшбасшысы саналатын Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің қызметі ҚР президентінің агроөндірістік кешенінің алдына қойған міндеттерін жүзеге асыра отырып, отандық ғылымның өркендеуіне ықпал жасап, бизнес-ортаның талаптарына жауап беретін жобаларды ұсынуға негізделгенін атап өтуіміз керек.

ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс» деп нақты талап-міндеттер қойды. Бүгінгі таңда ҚазҰАЗУ білім сапасын жетілдіру мақсатында оқу үрдісін өндірістік тәжірибемен тығыз байланыстырған оқу орны және инновациялық технологияларды енгізу арқылы ұлттық зерттеу университеті дәрежесіне ие болды. Көптеген жылдық тәжірибелердің нәтижесінде республикамыздың аграрлық бағыттағы көшбасшы жоғары оқу орны ретінде университетіміз қазіргі кезде білікті мамандар мен білгір ғалымдар дайындауда ілгері қадамдар жасап, өзіндік үлкен мектеп қалыптастыра алды. Оқу орнында жастардың білім сапасын жетілдіру ісін 120-дай ғылым докторы, 19- PhD докторы, 17 академик пен Қазақстан республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 200 аса ғылым кандидаты жан-жақты қамтамасыз етеді. Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың үлесі бүгінгі күні 65 пайызды құрайды.

Университет бакалавриаттың 42 мамандығы бойынша және 2 жоғары білім, 39 магистратура, 16 PhD докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда. Қазіргі таңда білім ордасында 27 ұлттың өкілінен құралған 6000-дай студент, 925 - магистрант, 128 - докторант білім алуда. Мамандар дайындау ісі 6 факультетте нәтижелі іске жүзеге асырылуда.

Елімізде индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде озық 10 жоғары оқу орны анықталып, олардың материалдық-техникалық базасын дамытуға 10 миллиард теңге бөлініп отыр. Солардың ішінде біздің университет те бар. Оқу ордасы бұл күндері аграрлық сала мамандықтары бойынша республикалық оқу-әдістеме орталығы, үздіксіз аграрлық білім беруді дамыту, фермерлердің біліктілігін арттыру орталығы, академиялық ұтқырлықты дамыту бойынша үйлестіруші болып табылады. Сондай-ақ, университет әлемнің 300-ден астам аграрлық ЖОО-ын біріктіретін Жаһандық консорциум мүшесі. Бұған қоса құрамына «ҚазАгро» ұлттық корпорациясы, ҚР Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, ұлттық, трансұлттық компаниялар кіретін Аграрлық ғылыми-өндірістік консорциумы да құрылған, бұл бағыттағы жұмыстар әлі жалғасын табады.

Бүгінгі таңда біздің Университетімізде студенттер жатақханамен 100 пайыз қамтамасыз етілген, тұрмысқа қажет жағдайдың бәрі жасалған, Университетте қолжетімді бағада «Студент» деген магазин - дүкен жұмыс жасайды, студенттер жатақханада қолынан келетін барлық жұмыстармен қамтылған, ол үшін айлық төленеді, сонымен қатар біздің студенттер, магистранттар, докторанттар Университеттің ғалымдар орындайтын ғылыми жобаларға қатысып, ғылыми жұмыстар жүргізеді, тәжірибе жинайды және еңбек ақысын алады. Шет елдегі /Европа Елдерінде/ бірнеше жоғары оқу орындарында білімін жалғастыра алады, оның ішінде Вагинген университеті бар Польшадағы. Оқушы құрамы қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген, тәжірибеден өтетін мүмкіндіктер бар, өзіміздің тәжірибе шаруашылығымыз бар, «Айболит» оқу -өндірістік орталығы жұмыс жасайды және бірнеше шаруа қожалықтары мен мемлекеттік мекемелермен келісім шарт негізінде оқушылар практика-іс тәжірибеден өте алады, осының бәрі толыққанды білім алуға мүмкіндік береді.

Біздің оқуға келіңіздер, жақсы, білікті маман бола аласыздар. Біздің оқу орнын көптеген қоғам қайраткерлері, министрлер, академик, профессорлар, аудан, облыс әкімдері бітірген.

**ҚазҰАЗУ «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының бір топ оқытушылары, профессорлар: О.Төребеков, М.Үмітжанов, Е.Махашев, Ә.Мусоев, А.Мауланов, Ү.Омарбекова, А.Әлиев, Ә.Ибажанова, аға оқытушылар: Ә.Әбдуалиева, Г.Өтебаева.**

Маман кеңесі

# ВАКЦИНАЛАУ - ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАНУДЫҢ НЕГІЗІ!

**Қызылша** - жұқпалылығы өте жоғары инфекция, ол ауа тамшылары арқылы таралады және сәйкесінше екпе алмаған адамдарға 100% қауіп төндіреді. Вирус ауа арқылы ұзақ қашықтыққа оңай таралады.

Қызылша ауыр асқынулармен қауіпті: олар отит, пневмония; және жүйке жүйесі жағынан - энцефалит, менингит, панэнцефалит.

Паненцэфалит - бұл мидың зақымдануының ең ауыр асқынуы, ол қызылша ауруынан бірнеше жыл өткен соң дамиды және мүгедектік пен өлімге әкелуі мүмкін.

**Осы аурудың алдын алуға мүмкіндік беретін ең сенімді алдын-алу шара - вакцинация, ал ауырған жағдайда екпе асқынулардан қорғайды.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы жоспарлы егулер 12 айлық (вакцинация) және 6 жастағы (ревакцинация) балаларға жүргізіледі.

Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша ошақтардағы байланысқан адамдарға қызылшаға қарсы егулер 30 жасқа дейінгі, бұрын ауырмаған, егілмеген және қызылшаға қарсы профилактикалық егулер туралы мәліметтері жоқ немесе бір рет егілген адамдарға жүргізеді. Екпеге қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда вакцина науқаспен байланыста болғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірілмей енгізіледі.

Республикада қызылшамен сырқаттану бойынша қалыптасқан қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты «Қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемиялық және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2023 жылғы 1 қарашадағы №7 қаулысы шығарылды.

Осы қаулыны іске асыру мақсатында 2023 жылғы 6 қарашадан бастап эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін 6 айдан 10 ай 29 күн аралығындағы балаларға қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундау жүргізілуде.

2023 жылғы 5 желтоқсаннан бастап қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан 2 жастан, 4 жас 11 ай 29 күндік балалар және қызылшаға қарсы вакцинациясы жоқ медицина қызметкерлері қосымша жаппай иммундаумен қамтылуда.

Қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундау кезеңінде екпе алған 6-11 айлық балалар, олар 12-15 айға толғанда, осы инфекцияға қарсы жоспарлы вакцинациялануға жататынына назар аударамыз.

Қызылшаға қарсы қосымша иммундау кезінде Үндістанда өндірілген қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Бұл вакцина қауіпсіз, әлемнің 70-тен астам елінде, соның ішінде Еуропа елдерінде қолданылады, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертификатталған және мемлекеттік тіркеуден өткен.

**Құрметті ата-аналар,** вакцинацияны кейінге қалдыру немесе тоқтату туралы шешім қабылдағанда, Сіз үлкен жауапкершілікті мойныңызға аласыз, себебі мұндай шешім балаңыздың денсаулығына, тіпті өміріне де қауіп төндіруі мүмкін.

Вакцинация тұрғылықты жері бойынша барлық егу кабинеттерінде емханаларда тегін жүргізіледі. Осы мақсатта ауданда вакциналардың жеткілікті саны бар.

Тиісті контингенттерге қызылшаға қарсы жоспарлы профилактикалық егулерді және қосымша жаппай иммундауды тәжірибелі медицина қызметкерлері жүргізеді.

**Қызылшаға қарсы вакцинаның әрбір дозасы баланың иммунитетін күшейтеді.**

**Г.СҮЛЕЙМЕНОВА,**
**Шет ауданық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**

## Еске алу



Сәкен Сейфуллин кентінің тұрғыны болған, аяулы ана, немере-шөберелерінің сүйікті де асыл әжесі **АМИРБЕКОВА Рая Байсарықызының** фәниден бақиға озғанына 40 күн толады.

Аяулы анамызды сағына еске алып, рухына дұға бағыштап, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, қабіріне Алланың нұры жауып, жанына жәннаттың нұры құйылсын дейміз.

Анажан шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда,
Сағындық, ана, сізді баршамыз да.
Жан-ана,ұл-қызыңның тірегі едің,
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда,
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.
Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен туғандары еске алады.
Өзіңізбен өткен күндер,
Жадымызда мәңгіге сақталады.

Сағына еске алып, ас берушілер: **балалары, немере-шөберелері, келін-күйеубалалары.**

40 күндік асы 24 ақпан күні «Күнай» дәмханасында сағат 13.00-де құран оқытылып, дұға бағышталады.

## Еске алу



Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған аяулы апамыз **ОРАЗБАЕВА Сайлаукүл Кәрімжанқызының** өмірден озғанына бір жыл толады.

Жақсы адам ол жаққа да керек екен,
Жұмақ төрін апатайым мекендеген.
Еске аламыз ардақты да апамызды,
Үлкеніміз, ақыл айтар панамызды.
Егілеміз, жылаймыз еске алып,
Кең пейілді, ақ көңіл апамызды.

Аяулы жанның жылдық асы 24 ақпан күні, сағат 13.00-де Ақсу-Аюлы ауылындағы «Мерей» дәмханасында беріледі.

Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, марқұмның көзін көрген, сыйлас болған барша жамағатты шақырамыз.

Ас берушілер: **бауырлары.**

# Мұсылмандық амалдары

Мүмкіндігі болса, өмірінде бір рет қажылыққа бару.

* * *

Шариғат өкімдерінің ақиқи шындығына сену.

* * *

Исламның Алла тарапынан жіберілген ақырғы, әділ әрі ақиқи дін екеніне сену.

* * *

Парыз амалына кіретін іс-әрекеттерді үйрену, оқып білу. Білім алу.

* * *

Жұма күні мешітке барып, жамағатпен бірге намаз оқу.

* * *

Алланың ризалығы үшін Шариғат өкімдерін шын ниетімен мүлтіксіз орындау.

* * *

Алланың атын жад ету, үнемі естен шығармау.

Алланың әмірлеріне мойын ұсыну. Шариғат қоспаған істерден бойын аулақ ұстау.

* * *

Жанды, жансыз жаратылысқа көз жіберіп, ой тоқтатып, шексіз, шетсіз Құдырет иесі Алланың сипаттарын танып білу

* * *

Әрбір істі бастарда Аллаға сыйыну. Алланың берген ризығын, бақ, дәулетін әрдайым қанағат тұтып, шүкіршілік ету.

* * *

Әрбір жақсылық пен жамандықты, ауруды, өлімді, апатты, уайым-қайғыны сабырлы көңілмен қарсы алып, шыдамдылық көрсету. Қандай жағдайда да бір Алланың кеңшілігінен, қайырымдылығынан күдер үзбеу.

Открыто наследственное дело после смерти Канапиной Кульбибы, умершего 05.09.2023 г. Заинтересованные лица могуть обратиться к нотариусу Закирбеков Еркебулан Дулатовичу, по адресу: Карагандинская область, Шетский район, с.Аксу-Аюлы, ул.Шортанбая 16а, телефон: 8 778 207 4909.

Открыто наследственное дело после смерти Махабай Тұрғанбай Ілиясұлы, умершего 23.08.2023 г. Заинтересованные лица могуть обратиться к нотариусу Закирбеков Еркебулан Дулатовичу, по адресу: Карагандинская область, Шетский район, с.Аксу-Аюлы, ул.Шортанбая 16а, телефон: 8 778 207 4909.

2024 жылдың науырыз айының 13-14 жұлдызында кафедра оқытушылары профессор Еспанов Ж. , Отарбаев Б.К., аға оқытушылар: Утебаева Г.Н., Базарбаев Р. К., кәсіби-бағдар жұмысын жүргізу мақсатында Алматы қаласы , Жетісу ауданындағы 57-43-2 -3 мектептерде болып 11-сынып оқушыларына ҚазҰАЗУ туралы мәліметтер беріп, оқуға қабылдау ережелерімен таныстырды.






Наурыздың он екісі
Сынып жұмысы
3-тапсырма